



ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

Клинт Брукс «Китстің Орман тарихшысы:
Сілтемелері жоқ тарих»

М. Бердсли және У. К. Вимсэтт «Қасақана
қателесу»



Мақсаты: Клинт Брукстің әдеби-аналитикалық өзгешеліктерін сипаттау, оның Китс Ода-сына пікірін саралау; Монро Бердсли мен У.К. Вимсэттің сыни көзқарастарын «Қасақана қателесу» атты аналитикалық эссе жұмысы бойынша салыстыра баяндау.

Кілт тіркестер: стильдік әдебиет, «Сұлулық – бұл шындық» тұжырымы, ниет, ішкі және сыртқы айғақтар.

Негізгі идеялар:

- К. Брукс Китс Одасы туралы.
- Китстің «Сұлулық – бұл шындық» тұжырымының сынға алынуы.
- Монро Бердсли мен У.К. Вимсэттің «Қасақана қателесуіндегі» әдеби сын желісі.
- «Ниет» автор ойындағы дизайн немесе жоспар ретінде.
- Өлең мағынасының ішкі және сыртқы айғағы.

Бүгін біз Клинт Брукспен таныстығымызды жалғастыра отырып, Монро Бердсли мен У.К. Вимсэтт туралы баяндаймыз. Олардың «Қасақана қателесу» деп аталатын еңбегі сіздердің қызығушылықтарыңызды тудырады деген ойдамыз.

Алдыңғы дәрісімізде айтылғандай, Жаңа сыншылар көркем мәтіндерді мұқият та тыңғылықты оқу ұстанымдарын басшылыққа алды. Сол арқылы ХХ ғасырдың орта шенінде танымал болған әдебиетті тарих тұрғысынан зерттеу бағытының негізі қаланды. Бұл амалдар бейнелеу үлгілері мен семантикалық бірліктерді қамтыды. Сыни әрекеттің бұл түріне әсіресе поэзия көбірек келді. Нақтырақ айтқанда, ғалымдар XVI–XIX ғасырларды қамтыған ағылшын поэзиясына ерекше мән берді. Өйткені ол өзінің стилімен және өзіндік пәлсапасымен көзге түсті. Жоғарыда аталған эссе жұмысында Клинт Брукс Китстің «Грек құмырасына Ода» атты шығармасын талдады. «Ода» шынайы өмір мен өнер арасын идеялық тұрғыда сабақтастыра жырлайды. Брукстің ойынша парадокс поэзияны танытуда маңызды мағынаға ие болады, өйткені өлең әмбебап идеяны нақты пішінмен бейнелей алады деп есептеледі.

Зерттеуші Китс поэзиясында Арчибальд Макклиштің «Өлең білдірмеу керек. Ол болу керек» деген тұжырымы бірнеше қайтара келтіріледі деп баяндайды. Грек құмырасы шынайы болса да, ойдан шығарылса да Китсті аса танымал ода жазуға шабыттандырса да, ол жай әсерсіз поэмадай қабылданды деген ой да орын алады. «Ода» Китстің өзге шығармаларынан, шарықтау шегі және шешімімен өзгешеленеді. Құмыраның өзі де «сұлулық – бұл шындық» деген ойды білдіреді, осы бір даналық бөлшегі барлық білім туралы қорытынды жасады.

Т.С. Элиот та, өзге зерттеушілер де шығарма желісінде орын алған «сұлулық – бұл шындық» тұжырымы әдемі туындының кемшілігі деп бағаланады деген пікірде болды. Теоретиктің ойынша, бұл не тұжырымды терең түсінбеу, не қате қабылдау. Миддлтон Мурри де Китстің өзге шығармалары мен жазбаларын талдағаннан кейін жазушы сезімін терең бағалауға болатынын және авторлық қолданыстағы «сұлулық», «шындық» ұғымдары ұтымды пайымдалатынын атап өтті. Дегенмен бұл зерттеуші де екі ұғым сабақтастығын айқындаған Китс тұжырымымен толық келісе алмайтынын ескертті. Бұл көзқарасты «Ода» қорытындысына күмәнмен қараған Гаррод та қостады.

Брукстің айтуы бойынша, сұрақтың мәнін құрайтын бұл ғалымның ойларының дұрыстығы немесе бұрыстығы, болмаса қорытындының өлеңнің құрылымына не мазмұнына зияны емес. Шын мәнінде, тұжырымның шындыққа ұласуын анықтаған жөн деген ойдың үстемдігі байқалады. Дәл осы жерде, ғалымның ойынша, И.А. Ричардтің сенім туралы тұжырымы сұрыпталады. Бұл мәселе кейде жас буынға ұнамауы да мүмкін. Алайда жоғарыда аталған зерттеушілердің барлығы «Оданың» сұлулық пен шындықты теңестірген батыл да ащы әрекетін сөз ете отырып, өлеңнің бастапқы поэзия мен өнер табиғатын жырлауға бағытталған мақсатын нақтылады.

Брукс «Оданы» құпиясы мол мысал ретінде қарастырды. Ол сұлулықты даралай отырып, Китсті өнер тұңғышына сүңгітіп жіберуге де болар еді деп атап көрсетті. Бірақ оны жеткіліксіз әрекет деп білді. Брукс: «Біз Браунингтің иронияға толы «Джон Китсте қандай түсініксіз тұстар болды?» деген сауалына қанша жүгінсек те, бұл сауалдың жауабын таба алмаспыз. Себебі анық болу керек. Біздің сұрағымыз Китс сұлулық пен шындық арақатынасына мән бере ме дегеннен



гөрі Китстің бұл байланысты айқын көрсетуге ақындық қабілеті жете ме деумен нақтылануы тиіс», – деп жазды.

Элиот «Оданы» сынаған үзіндіде жалпы ортақ мәселелерді қамтыды. Ол «Оданың» қорытынды бөлімін «Лир патшаның» соңында ұсынылған үзіндімен салыстыруды жалғастырды. Негізгі басымдық «жетілу – бұл барлығы» деген ой түйінінде берілді. Кейбір мәселелер Китсті таңғалдыратын сияқты. Дегенмен басқа қырынан келер болсаң, Шекспирді жалған деп айта алмайсың, ол өте шынайы бейнелейді. Басқаша айтқанда, жалпылау шындық ұстанымдарынан алшақтауға мүмкіндік беретіндей. Нәтижесінде: «Бұл ақиқатында шындық пен жалғанның мәселесі ме?» деген сұрақ туындайды. Артынан іле шала екеуінің әсерін қосып жіберу ойы да санаңның бір жерінде көрініс табады. Бұл ой драмалық кейіпкердің аузымен де айтылады. Аталмыш мәселе пьесаның өн бойында реттеліп, анықталып отырды. Бұл шындық ұғымына тікелей бағытталған көзқарасты байқатпайды, өйткені оның мән-мағынасы драмалық контексте құбылып баяндалады.

Автордың ерекше мән беретіні – Китс өлеңнің өн бойында жиі өзгеретін әрі саналы түрде кейіпкердің аузына қисынсыздыққа негізделе салынатын тілдесулер. Бұл ретте ғылыми немесе пәлсапалық шындықты жоққа шығармай-ақ, драмалық әдеп туралы да әңгіме бастаған орынды болар еді. «Грек құмырасы туралы ода» да сондай мысалдардың бірегейі деп танылады. Дәл осы шығарманың көмегімен жоғарыда аталған нормалардың жұмыс істеу қабілеттілігін тексеруге болар еді. Зерттеушілердің айтуына қарағанда, ақын уақытқа қарсылық білдіре отырып, мәңгілікті ұрандатар көріністің өзгешелігін ерекше көрсеткісі келетіндей. Жасалатын қорытынды – ақын, шын мәнінде, өз метафорасының шарттарын жақсы түсінетіндей. Оның астарында қаламгер «өмірлік қасиеті жоқ сұлулық мәңгілік» деген ойды өзектейтіндей. Осыған орай, «Сен кете алмайсың. Сенің ән айтар кезеңің» деген тұжырымды да музыкантқа қатысты қарастыруға болар: әнші әнін тастай алмайды, оның құдіреті байлап алған деген сияқты ойлар көрініс табуы мүмкін.

Нәтижесінде драмалық әдептілік ұстанымының салмағы көптеу деген ойдың дұрыс еместігі анықталады. Бұл ойдың үстемдігі Китс мысалы мен өнердегі шындық мәселесіне нұқсан келтірер еді. Ғалым Китске деген құрмет әдебиеттегі шындық мәселесінің шешімін сақтандыра деген ойда.

Дәрісіміздің келесі бөлімі сіздерді «Жаңа сынның» өзге өкілдерімен таныстыру мақсатын көздейді. Баяндау нысанымыз – Монро Бердсли мен Уильям Керц Вимсэтт және олардың «Қасақана қателесу» атты еңбегі. Ең алдымен, авторлар туралы қысқаша мәлімет беріп өтейік. Монро Бердсли Темпл және Суортмор университеттеріндегі пәлсапа профессоры қызметін атқарды. Оның зерттеу нысандарын эстетика, өнер теориясы, сын мәселелері анықтады. Бердсли 1958 жылы жарық көрген «Эстетика: сын пәлсапасының мәселелері», 1982 жылы дайындалған «Эстетикалық көзқарас» сияқты еңбектердің авторы. У.К. Вимсэтт Йель университетінде ағылшын тілінің профессоры қызметін атқарды. Негізгі зерттеулер бағытын сын теориясы құрады. Оның еңбектері қатарында 1954 жазылған «Вербальды икона: поэзия мазмұны бойынша зерттеулер», 1957 жылы дайындалған «Әдеби сын: қысқаша тарих» секілді жұмыстарын атауға болады. Оның идеялары ХХ ғасырдағы «жаңа сын» бағытының тұжырымдамалық іргетасын қалады.

Сонымен, екі ғалым да сын мәселелерін қосқанда, әдебиет теориясы саласында тәжірибесі мол зерттеушілер қатарынан болды. Нәтижесінде зерттеушілер 1949 жылы біріге отырып, «Қасақана қателесу» деп аталатын еңбекті дайындады. Ол «жаңа сын» санатындағы маңызды полемикалық жұмыс деп бағаланды. Жаңа сыншылар әдебиетті өзге ғылым салаларынан бөліп қарастыру мақсатында болды. Әсіресе назар тарихи және өмірбаяндық сын бағыттарға аударылды, өйткені олар көп жағдайда әдеби мәтіндерді талдаудың бірден бір құралы деп танылып келді.

Жаңа сыншылар үшін әдебиет жай ғана әдебиеттен әлде-қайда маңызды еді. Олар үшін әдебиет – автордың қолымен дайындалған бейнелеулер өрнегі болатын. Бұл өрнек ақпаратты жасыру, сипаттау күші бар семантикалық өлшемге ие деп есептелді. Жазушы тіл тарихымен байланысты, ол белгілі бір деңгейде сол тарихпен сабақтас болу керек деп ұғынылды. Сол кезде ғана шығарма субъективті сипатынан арылып, объективті шындыққа бастайды деген ой үстемдік етті. Сол сияқты әдебиет күрделі лингвистикалық пішіндердің көмегімен универсалды



сипатқа ие бола алады деп түсіндірілді. Кейбір мәселелер антологияға қосылған еңбекте болмаса да, Вимсэттің өзге жұмыстарында көрініс табады деп көрсетілген.

Бердсли мен Вимсэттің тұжырымдауынша, туынды дизайны мен автор ниеті әдеби өнердің сәттілігін бағалайтын қолжетімді стандарттар деп есептелмейді. Аталмыш жағдайда оның ұстанымдары сын қатынастардың тарихи айырмашылығына тереңдеу амалдары ретінде қарастырылды. Авторлар бұл қағидаттарды классикалық имитация мен романтикалық ой арасындағы қарама-қайшылықтармен дәйектеді. Бұл мәселелер өз кезегінде шабыт, шынайылық, өмірбаян, әдеби тарих, ғылымилық сияқты нақты мәселелерді жинақтады. Заманауи поэзияның да кейбір бағыттары, атап айтқанда, аллюзия мәселелері де қамтылды.

Авторлар «ниет» терминінің қолданыста болу себебін талдады. Олар: «Ақынның туындысын бағалай білу үшін, біз оның бастапқы ниетін білуіміз керек. Ниет дегеніміз – автордың ойындағы дизайн немесе жоспар. Ниет автормен, оның жұмысымен тығыз қарым-қатынаста болады. Ниет жазушының сезімі мен дәлелін де айқындайды» (1), – деп тұжырымдады. Осыған орай, авторлар бірнеше жалпы ұсыныстар жігін ұсынады, олар кейде тіпті аксиома немесе шындық деп қабылданды. Мысалы, Өлең кездейсоқ пайда болатын туынды емес. Профессор Столлдың айтуына қарағанда, өлең жолдары адамның бас киімінен емес басынан бастау алады.

Автордың ниеті туралы сыншы қайдан біледі деген сұрақ қойылу керек. Сыншы ақынның ойынан қалай хабардар болады? Әрине, егер ақын шебер болса, оның айтар ойы шығармасынан сезіліп тұрады. Нағыз сыншы да поэма сыртынан автор ниетін іздеп әуре болмау керек. Осыған орай, «ақынның мақсаты шығармашылық әрекет кезінде бағалануы, яғни өлеңнің өзімен анықталуға тиіс» деген тұжырым жұмыс істеу керек.

Өлеңді бағалау пудингті немесе көлікті бағалау сияқты. Қойылатын бірінші талап – оның жұмыс істеуі. Артефакттің жұмысына сәйкес біз оны өнер ретінде бағалай аламыз. «Өлең білдірмеу керек. Ол болу керек». Өлеңді оның мағынасы арқылы түсінуге болады, өйткені оның ортасы – сөз. Поэзия – бұл стиль жеңісі. Оның арқасында мағына тез өңделеді. Поэзия айтылғанның барлығы немесе басым бөлігі түсінікті болғанда ғана ұтады. Қажетсіз нәрселер пудинг бөлшектері немесе көлік қателері сияқты шегеріледі. Бұл жағдайда поэзия практикалық бағыттағы хабарламалардан бөлектеніп тұрады. Поэзияға қарағанда олар абстарктілі болады.

Өлеңнің мағынасы, сөзсіз, жеке болуы мүмкін, өйткені өлең жеке адамның ішкі жанын сипаттай алады. Физикалық нысан алма ретінде бөлек қаралып, кейде тіпті қысқа ғана лирикалық өлең драмалық сипатта болуы да мүмкін. Егер автор өзінің ең жақсы жетістіктерін зерделей отырып, бір сезімді басынан қайталай кешсе, өзінің ең жақсы шығарма тудырам деген ниетіне жете алды деп есептеледі. Кейде оның бастапқы ойы өзінікі болмауы да ықтимал.

Әрі қарай мақалада Ананда К. Кумарасвами мырзаның ойына сәйкес, өнер туындысына қатысты екі сұраныстың үлгісі талқылау нысанына алынған. Біріншіден (1), суретші өз ниетіне жетті ме; екіншіден (2), өнер туындысы жалпы алғанда осындай (қайта зерделеу) талпыныс жасауы керек пе және осы талпыныстың қажеті бар ма. Кумарасвами мырзаның қорытындысы бойынша, екінші жағдайда белгілі бір өнер туындысына бағытталған сын өнер бола алмайды, ол адамгершілік сынға жақындайды. Мақала авторлары екінші кезеңде моральдық сынды сақтаудың қажеттігі жоқ деп тұжырымдады. Бұл ойдың астарында эмпирикалық толғаудан гөрі аналитикалық түйіннің басымдығы байқалады. Сонымен қатар арнайы, қасақана айтылған теріс пікірді романтикалық көзқарас деу тарихи қорытынды бола алмайды. Риторик біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырында «жоғары көтерілу – бұл үлкен рухтың белгісі» деп жазғанда немесе «Гомер өз кейіпкерлерінің жоғары тұлғалы болмысына енеді» деп айтқанда, риториканың өзі романтизмнің жаршысы деп айтуға болады.

Авторлар Гетенің «конструктивті сын» туралы үш талқылауын ортаға салғанды дұрыс көрді. Олар: «Автор не істейтін болды?», «Оның жоспары ақылға қонымды болды ма?» және «Жоспар жүзеге асырылды ма?». Шын мәнінде, екінші сұрақты алып тастағанда, Кроче жүйесіне сәйкес, шиеленістің шарықтауы мен пәлсапалық тереңдік романтизмнің негізгі белгілері болып табылады. Шығатын қорытынды: әдемілік – бұл интуицияның ұтымды көрінісі, ал көз тартпайтын үлгісі – сәтсіз шыққаны. Интуиция немесе өнердің бөлігі эстетикалық факт деп қабылданады, ал оның орташа немесе қоғамдық бөлігі мүлдем эстетика нысаны деп есептелмейді. Дегенмен, эстетикалық көбею амалдары тек барлық бөліктердің тең сақталу жағдайында ғана жүзеге асырылады дегенді де есте сақтаған дұрыс.



Поэзияға бағытталған сынның болатыны ақиқат. Сол сияқты алға ұмтылдырып шабыттандырар, бүгінгі күн мен ертеңгі болашақ тарапынан сараланатын авторлық психологияның да болатыны шындық. Авторлық психология тарихи сипатта да болуы мүмкін. Бұл жағдайда, Тииярд мырзаның айтуына қарағанда, әдеби өмірбаян да, заңды да тартымды зерттеулер де тұлға болмысын зерделеудің өзегі бола алады. Дәл осы контексте поэма тек жанама, қосарлы қызмет атқарады. Әрине, жеке зерттеулердің поэзиялық ізденістерге қарағанда әдеби ғылымнан орын алатынын қайталап айтпасақ та болады. Дегенмен осы тұста жеке және поэзиялық зерттеулердің ара жігін ажыратып алған дұрыс. Аса маңызды мәселелер қатарын өлең жолдарының ішкі және сыртқы пішіні анықтары сөзсіз. Поэзиядағы парадокс вербальды, яғни нақты әрекеттік сипатқа ие деп есептелді. Тек жалпыға қолжетімді мәселе ғана ішкі тұтастықты анықтай алады деп қарастырылды. Оны өлеңнің семантикасы мен синтаксистік құрылымы арқылы айқындауға болады деп тұжырымдалды. Бұл жерде тілді білу, грамматиканы меңгеру, сөздіктермен жұмыс істеу, әдебиетті тану секілді ортақ дереккөздер ескеріліп отырылды. Демек, тіл мен мәдениетке қатысы бар құрылымдар назарда болды.

Сыртқы бейне (2) жеке және өзгеше деп қарастырылғанымен, ол шығарманы лингвистикалық факт ретінде талдауға мүмкіндік бермейді деп есептелді. Оның болмысын өлеңнің жазылу себебі мен жолдары, кімге арналғаны, қай жерде отырып дүниеге келгені туралы ашық айтылған ойлар айқындайды. Осы жерде айғақтың тағы бір түрін (3) атап өткен абзал. Ол үшінші аралық кезеңді бейнелейді. Мақсаты – автор мінезіне сипаттама беру, авторлық қолданыстағы сөздер мен тақырыптар туралы жекеленген мәселелерге назар аудару. Сөздердің мағынасы – сөздер тарихы, ал автордың өмірбаяны, сөздер мен баламалы ұғымдарды қолдануы сол тарихтың немесе сөз мағынасының ажырамас бөлігі. Дегенмен айғақтың үш түрі де, соның ішінде әсіресе (2) мен (3) бір-бірімен тығыз байланыс құрайтындықтан, олардың айырмашылығы мен жанасу тұстарын ажырату кейде қиын болып жатады. Сол кезде сыншы қиындықтарға ұшырайды... Сонымен, зерттеушілер сын талаптары тылсыммен кеңесу арқылы шешілмейді деген қорытындыға келді. Поэзиядағы аллюзия сыни мәселелердің тек бірегейі ғана деп танылды. Сол арқылы авторлық ниеттің абстракт ойлауға негізделген мәселелері анықталады деп тұжырымдалды. Бүгінгі бұл мәселелер маңызды бейнелеулер қатарын анықтауы мүмкін.

«Жаңа сын» өкілдерінің еңбектерін зерттей отырып, әдеби шығармаларға сын айта білу ұзақ та, тыңғылықты талдау және ойлау үдерістерінің сабақтастығы екеніне еріксіз көз жеткізесіз.

Бақылау сұрақтары

1. К. Брукстің Китс Одасы туралы пікірін қалай сипаттар едіңіз?
2. «Сұлулық – бұл шындық» деген Китс тұжырымына сыншылар қалай қарады?
3. Монро Бердсли мен У.К. Вимсэттің «Қасақана қателесу» атты еңбегіндегі әдеби сын желісін қалай сипаттауға болады?
4. Неге еңбек авторлары кілт сөз ретінде «ниет» ұғымын таңдады?
5. Өлең мағынасының ішкі және сыртқы айғағы бір-бірінен қалай өзгешеленеді?

Қолданылған дереккөздер

1. Джули Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: Антология. 3-басылым. 44–50, 51–61 беттер.